

**6-ТАРАУ: ҚЫЗЫМ-ЖАҒАДАҒЫ ҚҰНДЫЗЫМ, ҰЛЫМ-АСПАНДАҒЫ
ЖҰЛДЫЗЫМ**

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ: «ҚОЗЫ КӨРПЕШ БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫ

САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ



- **ОҚУ МАҚСАТТАРЫ:**

- 8.1.2.1 - МӘТІННІҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫН ТҮСІНУ, ДЕТАЛЬДІ АҚПАРАТТАРДЫ АНЫҚТАУ;
- 8.1.4.1 - МӘТІНДІ ТАЛДАЙ ОТЫРА, МАЗМҰНЫН АНЫҚТАЙДЫ.

- **САБАҚ МАҚСАТЫ:**

- 8.2.5.1 - ПІКІРТАЛАСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР БЕРІЛГЕН ТАҚЫРЫП БОЙЫНША ӨЗ ПІКІРЛЕРІН СЕНІМДІ ДӘЛЕЛДЕУ ЖӘНЕ ҚОЙЫЛҒАН СҰРАҚТАРҒА ЕРКІН ЖАУАП БЕРУ;
- 8.2.6.1 - ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН БІЛУ АРҚЫЛЫ ӨТКЕН ТАРИХТЫ БІЛУГЕ БОЛАТЫНЫ, МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ КӨП БІЛУ ТІЛДІК ҚОРЫМЫЗДЫ БАЙЫТАТЫНЫ ТУРАЛЫ АЙТУ.

- **БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:**

- СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРЕДІ;
- МӘТІНДЕРДІҢ ТАҚЫРЫБЫ МЕН НЕГІЗГІ ОЙЫН АНЫҚТАЙДЫ;
- МӘТІНДЕРДІ СӨЗ ДЕҢГЕЙІНДЕ ТАЛДАЙДЫ;
- МӘТІНДЕРДІ СӨЙЛЕМ ДЕҢГЕЙІНДЕ ТАЛДАЙДЫ;
- МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ТАЛДАЙДЫ;
-

ЖАҢА СӨЗДЕР

- **МАХАББАТ**- СҮЙІСПЕНШІЛІК, БІНТЫЗАРЛЫҚ, ҒАШЫҚТЫҚ ДЕГЕН СӨЗДЕРДІҢ БАЛАМАСЫ РЕТІНДЕ АЙТЫЛА БЕРЕДІ.
- **СЕЗІМ**-АДАМДАРДЫҢ БІР-БІРІМЕН ҚАТЫНАС ЖАСАУ ҚАЖЕТТІГІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ЖӘНЕ БІРТІНДЕП ДАМЫП ҚАЛЫПТАСЫП ОТЫРАТЫН ЖАН ҚУАТЫ.
- **ҚҰРБЫ-ҚҰРДАС**- ЖАС ЖАҒЫНАН ҚАТАРЛАС, ЗАМАНДАС АДАМДАР.
- **АР-ҰЯТ**- АДАМНЫҢ ЖЕКЕ ӨМІРІНІҢ ӘР ТҮРЛІ ОҚИҒАЛАРЫН КӨРЕ БІЛУ, БАҒАЛАЙ БІЛУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАЙҒЫРА БІЛУ ҚАБІЛЕТІ.
- **ҚАЛЫҢДЫҚ**- ТҰРМЫСҚА ШЫҒАТЫН БОЙЖЕТКЕН; ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА – АЙТТЫРЫЛҒАН ҚЫЗ.

АЙТЫЛЫМ. 1-ТАПСЫРМА.,33-БЕТ.

**СУРЕТ БОЙЫНША МӘТІН ҚҰРА.СУРЕТТЕРГЕ ОРТАҚ ТАҚЫРЫП ҚОЙ.
СЕБЕБІН ТҮСІНДІР.**



- **АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ** — ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ АЙРЫҚША САЛАСЫ, АУЫЗША ШЫҒАРЫЛЫП, АУЫЗША ТАРАҒАН КӨРКЕМ-ӘДЕБИ ТУЫНДЫЛАРДЫҢ ЖИЫНТЫҚ АТАУЫ. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МҰНДАЙ СӨЗ ӨНЕРІН ҒАЛЫМДАР **АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ** ДЕП АТАҒАН.

«Миға шабуыл» стратегиясы

Халық ауыз әдебиеті дегеніміз не?



ЖАЗЫЛЫМ.

ЖАҚША ІШІНДЕГІ СӨЗДЕРДІ ҚАЗЕТТІ ТҰЛҒАДА ҚОЙЫП, СӨЙЛЕМНІҢ МАҒЫНАСЫ МЕН ОРЫН ТӘРТІБІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ОРНАЛАСТЫРЫП ЖАЗ.

- **ҮЛГІ: АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ – ТАЛАЙ ҒАСЫРЛАРДЫҢ ЖЕМІСІ.**

1. АУЫЗ (АВТОР) (ӘДЕБИЕТ) ЖАЗБА (АЙЫРМАШЫЛЫҚ) АУЫЗ (ӘДЕБИЕТ) ӘДЕБИЕТІНІҢ БЕЛГІЛІ БІР ЖОҚ.

2. АУЫЗ (ӘДЕБИЕТ) ТҰРМЫС-САЛТ (ЖЫР) ИРИКАЛЫ ЖАТАДЫ ЖАНРҒА.

3. АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕ (ХАЛЫҚ) ҒАСЫРЛАР БОЙЫ КЕШТЕ (БАС) ЖЫРЛАНАДЫ ОҚИҒАЛАРЫ.

4. АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ЖЕМІСІ (ҒАСЫР) ТАЛАЙ.

- **ОҚЫЛЫМ.МӘТІНДІ ОҚЫП,БІРНЕШЕ СҰРАҚ ДАЙЫНДА.**
- АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ — ХАЛЫҚТЫҢ АУЫЗША ТАРАТЫП ОТЫРҒАН АСЫЛ МҰРАСЫ. ОНДА ХАЛЫҚТЫҢ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ БАСЫНАН КЕШІРГЕН ТАРИХИ ОҚИҒАЛАРЫ, ЕРЛІК, БАТЫРЛЫҚ, МАХАББАТ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ, САЛТ-ДӘСТҮРІ ЖЫРЛАНАДЫ. АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ — ТАЛАЙ ҒАСЫРЛАРДЫҢ ЖЕМІСІ. ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ, МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР МЕН ЖҰМБАҚТАР, ЕРТЕГІЛЕР, ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАР, ЛИРО-ЭПОСТЫҚ ЖЫРЛАР, АЙТЫС ӨЛЕҢДЕРІ, ТАРИХИ ЖЫРЛАР, ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР ЖӘНЕ Т. Б. ТҮРЛЕРІ БАР.
- АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ, КӨҢІЛ КҮЙІ, СЕЗІМДІ БІЛДІРЕ ТІН ҚАРА ӨЛЕҢДЕР МЕН ӘН МӘТІНДЕРІ ЛИРИКАЛЫҚ ЖАНРҒА, АЛ ЕРТЕГІЛЕР, АҢЫЗ ЕРТЕГІЛЕР, БАТЫРЛАР ЖЫРЫ ЭПОСТЫҚ ЖАНРҒА ЖАТАДЫ. АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ НІҢ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТТЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ — АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ БЕЛГІЛІ БІР АВТОРЫ ЖОҚ. БАСЫНДА ОЛАРДЫ ШЫҒАРҒАН АҚЫН-ЖЫРАУЛАР БОЛҒАН, БІРАҚ УАҚЫТ ӨТКЕН САЙЫН ОЛАР ҰМЫТЫЛЫП, ХАЛЫҚТЫҚ ШЫҒАРМАҒА АЙНАЛҒАН.

Т. АҚШОЛАҚОВ

- **АЙТЫЛЫМ.**
- **МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРГЕ БІРНЕШЕ НҰСҚАДА СҰРАҚ ҚОЙ. МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ МАҒЫНАСЫН ТҮСІНДІР.**
- ҚЫЗЫМ, САҒАН АЙТАМ, КЕЛНІМ, СЕН ТЫҢДА. ӨНЕРДІ ҮЙРЕН, ҮЙРЕН ДЕ ЖИРЕН. ДОСЫҢА ӨТІРІК АЙТПА, ДҰШПАНЫҢА СЫРЫҢДЫ АЙТПА. АҚЫЛДЫ МАҚТАНСА, ІСТІ ТЫНДЫРАР, АҚЫЛСЫЗ МАҚТАНСА, АЯҒЫН СЫНДЫРАР. ДОСЫ КӨПТІ ЖАУ АЛМАЙДЫ, АҚЫЛЫ КӨПТІ ЖАУ АЛМАЙДЫ. АТА — БАЛАНЫҢ ҚОРҒАНЫ. БАЛАҢ ЖАМАН БОЛСА, КӨРІНГЕННІҢ МАЗАҒЫ. СЕМІЗДІКТІ ҚОЙ ҒАНА КӨТЕРЕДІ.
- **ҮЛГІ: "ҚЫЗЫМ, САҒАН АЙТАМ, КЕЛНІМ, СЕН ТЫҢДА.**

КЕЛІН ДЕГЕН БІРЕУДІҢ АЯЛАП ӨСІРГЕН ҚЫЗДАРЫ...ЖАТ ЖЕРГЕ КЕЛГЕН ҚЫЗҒА ҚАТТЫ АЙТУҒА ЕНЕЛЕРІ БАТПАЙДЫ ДЕП ОЙЛАЙМЫН. СОНДЫҚТАН КЕЛІНІНЕ АЙТҚЫСЫ КЕЛГЕН НӘРСЕНІ ҚЫЗЫНА АЙТАДЫ ДЕП ОЙЛАЙМЫН.

ЕСТЕ САҚТА!

- ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ БІЗГЕ АУЫЗША ЖЕТКЕН ХАЛЫҚ МҰРАСЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН БІЛУ АРҚЫЛЫ СӨЗДІК ҚОРЫМЫЗДЫ БАЙЫТАМЫЗ. МАҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІ ҰНАЙДЫ.

Оқу тапсырмасы:

1. «Досы көпті жау алмайды» мағынасын түсіндір.
2. Жаңа сөздерді жатта.

